


Сабақ жоспары

Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы

Мектеп: «Құмаш Нұрғалиев атындағы гимназия» КММ Мұғалімнің аты-жөні: Игисина Шынар Адылдабековна Сынып: 7 «А»	
Қатысқандар: _____ Қатыспағандар: _____	
Бөлім: Экономикалық география	
Сабақтың тақырыбы	Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы
Оқу мақсаттары	7.5.3.1 Шаруашылық салаларын жіктеу арқылы олардың ерекшелігін, маңыздылығын түсіндіреді;
Сабақтың мақсаты	Оқушыларды дүниежүзілік шаруашылықтың маңызымен таныстыру барысында, аумақтық және салалық құрылымын анықтайды. <i>Барлығы:</i> <ol style="list-style-type: none"> 1. Шаруашылық салаларын жіктей алады. 2. Ауылшаруашылық және өнеркәсіп өндірісін біледі. <i>Көпшілігі:</i> <ol style="list-style-type: none"> 1. Шаруашылықтың орналасу факторларын талдай алады. <i>Кейбіреулері:</i> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өнеркәсіпті орналастырудың факторларын салыстырмалы түрде сипаттай алады, тұжырымдап айтады, ұсыныс білдіруге талпынады.
Бағалау критерийі	Дағдылар: <i>Білу.</i> Дүниежүзілік шаруашылықтың не екенін біледі. Салаларын ажырата алады. <i>Қолдану.</i> Дүниежүзілік өнеркәсіп салаларының орталықтарын кескін картаға түсіре алады. Атласты қолдана отырып жоспар бойынша жекелеген кәсіпорынға сипаттама бере алады.
Тілдік мақсаттар	Оқушылар : Тақырыпты толық баяндап бере алады. <u>Оқылым:</u> Мәтінді оқиды <u>Айтылым.</u> Мәтіннен не түсінгендерін айтады. (Пікірталасқа түседі) <u>Тыңдалым, жазылым:</u> Бір-бірінің айтқанын тыңдай отырып, керекті жерлерін өзіне түртіп алады. Мысалы: (айтылымға сұрақтар) <ol style="list-style-type: none"> 1. Дүниежүзілік шаруашылық д/з не? 2. Ауыл шаруашылығы құрылымына қарай неше салаға бөлінеді? 3. Сала деген ұғым нені білдіреді? 4. Мамандандыру деп нені айтады? 5. Кооперация деген не?
Құндылықтарға баулу	1) Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсу. Индустриялық-инновациялық бағдарламаның басты мақсаты өндірістің бәсекеге қабілеттілігін дамыта отырып, өнеркәсіп кәсіпорындарының жұмысын жаңғырту болып табылатындығын түсіндіру. 2) Жалпыға бірдей еңбек қоғамы. Әлемдік өркениеттің барлық құндылықтары, барлық экономикалық және мәдени байлықтар қаржы институттарымен емес, адамның еңбегімен жасалатындығына көз жеткізу.
Пәнаралық байланыс	Тарих- шаруашылықтың даму кезеңдері. Химия-ауыл шаруашылығындағы тыңайтқыштар, улы химикаттар. Биология-мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы.

Алдыңғы білім	Әлеуметтік инфрақұрылым элементтерін сипаттап, маңыздылығына баға бере алады.	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы	<p><i>Ұйымдастыру.</i> Стикердің түсі арқылы 3 топқа бөлінеді. Амандасу. Түгендеу. «Жақсы сөз-жарым ырыс» Психологиялық ахуал қалыптастыру.</p> <p><i>"Миға шабуыл" әдісі</i> арқылы, "Аукцион" интербелсенді тақта арқылы сұрақ қою арқылы үй тапсырмасын тексеру. <u>Бағалау:</u> «Купюра» арқылы</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Инфрақұрылымдық кешен дегеніміз не? 2) Бұл кешен неше салаға бөлінеді? 3) Инфрақұрылымдық кешеннің негізгі міндеті не? <p><i>«Идеяларды тоғыстыру» әдісі</i> (Не? Қайда? Қашан?)</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) «ЭКСПО – 2017» қайда өткізіледі? 2) Қазақстан ЭКСПО-ны не үшін өткізгелі отыр? (сыртқы экономикалық байланысты нығайту үшін) 3) ЭКСПО-ға қандай елдер өздерінің көрмелерін қойды? 4) ЭКСПО-ның тақырыбы қандай? (жасыл энергия) 5) Жасыл энергия шаруашылықтың қай саласына жатады? <u>Бағалау:</u> «Шапалақ» арқылы <p>Сұрақтар қою арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашу.</p> <p style="text-align: center;"><i>Күтілетін нәтиже:</i></p> <p>Шаруашылық салаларын ажырата алады, өнеркәсіп өнімдерінің түрлерін біледі, өнеркәсіп орындарын картадан анықтай алады.</p>	<p>Оқулық</p> <p>Интербелсенді тақта</p> <p>Таратпа материалдар</p>
Сабақтың ортасы	<p>1- тапсырма. Топтық жұмыс, «Джигсо» әдісі арқылы топта талдау.</p> <p><u>Дағдылар:</u> қарым-қатынас және топпен жұмыс істей білу қабілеті.</p> <p><u>Дескрипторлар:</u></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Дүниежүзілік шаруашылыққа сипаттама бере алады; 2. Салаларын талдай алады; 3. Өнеркәсіп географиясы туралы түсінеді. <p><u>Бағалау:</u> «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы</p> <p>2-тапсырма. Жұптық жұмыс «Салыстырмалы карта» әдісі. Мұнай өнеркәсібі – дүниежүзілік шаруашылықта жетекші рөл атқарады.</p> <p><u>Дағдылар:</u> сын тұрғысынан ойлау, қарым-қатынас және білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті.</p> <p><u>Деңгейі жоғары және орташа оқушыға:</u> 1) Кескін картаға мұнай өнеркәсібінің екі негізгі аймағын белгілеңіз? 2) Ел экономикасындағы мұнайдың маңызды кен орындарын картадан анықтаңыз?</p> <div data-bbox="550 1825 1109 2027" style="text-align: center;">  </div>	<p>Оқулық</p> <p>Оқулық, BilimLAND.kz</p> <p>Оқулық, Дж физикалық картасы, атлас.</p>

Шартты белгілер



- мұнай



- таралу аймақтары

Дескрипторлар:

1. Кескін картаға түсіре алады;
2. Шартты белгілерді түсінеді;

Төмен оқушыға: Кестеде берілген жоспар бойынша өз аймағындағы бір кәсіпорынға сипаттама беріңіз. (жұптық жұмыс)

Кәсіпорын атауы	Шаруашылықтың қандай саласына жатады	Не шығарады? (мамандануы)
Павлодар мұнай өңдеу зауыты	«А» тобы. Ауыр өнеркәсіп. Отын-энергетика	Мұнай өнімдері (бензин, керосин, солярка, мазут)

Дескриптор:

1. Кәсіпорынға сипаттама бере алады;
2. Мамандануын біледі;
3. Шаруашылық саласын ажырата алады.

Бағалау: "Бас бармақ" арқылы



3- тапсырма. Жеке жұмыс. «Мен саған, сен маған» әдісі.

Сұрақтарға жауап бере отырып, кесте толтыру.

Дағды: жеке жұмыс істей білу қабілеті

I- нұсқа.

- 1) Дүниежүзілік шаруашылық дегеніміз не?
- 2) Дүниежүзілік шаруашылық қашан қалыптасты?
- 3) Суретте шаруашылықтың қандай салалары бейнеленген?

Таралу аймақтарын анықтаңыз.

р/с		
Сала		
Таралу аймағы		

II- нұсқа.

- 1) Дүниежүзілік шаруашылықтың қалыптасу себебі?
- 2) Ауыл шаруашылығы деген не?
- 3) Суретте ауыл шаруашылығының қандай салалары бейнеленген? Қазақстандағы таралу аймақтарын анықтаңыз.

Атлас, кескін карта, таратпа материалдар



Сала:

Сала:

Қазақстандағы таралу аймақтары

Қазақстандағы таралу аймақтары

III-нұсқа.

- 1) Өнеркәсіп дегеніміз не?
- 2) Дүниежүзілік өнеркәсіп салалары
- 3) Суретте шаруашылықтың қандай салалары бейнеленген? Таралу аймақтарын анықтаңыз.



Сала

Сала

Таралу аймақтары

Таралу аймақтары

Дескриптор:

1. Сұрақтарға жауап бере алады;
2. Салаларды ажыратады;
3. Таралу аймақтарын жіктей біледі.

Бағалау: «Бағдаршам» арқылы

Сабақтың соңы
Кері байланыс

ББҮ кестесі		
Білдім	Білгім келеді	Не үйрендім?
Сабақтың мақсатына жеттік пе?		

Таратпа материалдар